

# **I.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі**

## **Кезектен тыс қамқоршылық кеңес отырысы**

Ақтөбе қаласы

19.12.2023ж

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

### **Күн тәртібінде:**

1.Мектепте Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру.

2.Жекелеген санат оқушыларына жаңа жылдық тәттілер дайындау.

Хабарламашы қамқоршылық кеңестің төрайымы Г.Джамангарина.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы Г.Джамангарина сөз бастады: Салеметсіздер ме, кеңес мүшелері, алда Жаңа жыл мерекеміз жақындады. Жаңа жыл мерекесін әрбір бала күтетін шығар. Сол себептен бүгін осы екі мәселені бірауыздан шешуіміз қажет.

Облыста қызылшамен сырқаттанушылықтың өсуін ескере отырып, тиісті санитариялық-эпидемиологиялық шаралары қатаң сақталуы қажет. Тұмау, қызылша, ветрянка аурулардың көбеюіне байланысты сырттан аниматорларды жалдап, шақыруға болмайды. Сол себептен Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шаралар мектеп қабырғасында өткізуді ұсынамыз. Жаңа жылдық шырша 28 желтоқсан күні, сынып сағаттары түрінде кластарында өтеді. 11 кластың оқушылары Аяз ата мен Ақша қар киімдерін киіп даярлық тобы, 1-2-3-4 класс оқушыларын аралап, тақпақтарын тындап, қоржындарынан тәттілерді таратса жақсы болар еді.

Мектебімізде “Жекеленген санаттағы” 40 оқушы бар, яғни жылда сол балаларға сыйлық беріледі. Оған еш жерден қаражат бөлінбейді, жылда жәрмеңке ұйымдастырылатын еді, биылға әзір жәрмеңке ұйымдастырмадық. Мүмкін арамызда спонсорлар өз арамызда я болмаса кластарыңызда спонсор ата-аналармен бірлесіп жекелеген санаттағы 40 оқушыға жаңа жылдық тәттілерді дайындаймыз.

Жаңа жылдық шырша 28 желтоқсан күні өтеді.

I ауысым бойынша 9-10-11 кластарда сабақ өтеді. 0-1-2-5 кластарда сағат 10.00 ден - 11.30 ға дейін ашық тәрбие сағаттарыңыз кластарыңызда өтеді. 1-2 сабақ болады.

II ауысым бойынша жаңа жылдық шара 3-4-6-7-8 кластарда сағат 14.00 ден - 15.30 ға дейін өтеді.

Сол күні сағат 17.00 ден 19.00 ге дейін 9-10-11 кластарда би кеші өтеді.

Жаңа жыл шарасына дайындық кезінде оқушылардың жеке көзқарас қағидалары және балалардың қауіпсіздігі шараларының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Бірауыздан кеңес мүшелері қолдайтынын білдірді, ешқандай қарсылық болған жоқ.

### **Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай және талқылай келе қаулы етеді:**



1.Мектепте Жаңа жыл мерекесі өз кластарында ұйымдастырылсын.

2.Жекелеген санат оқушыларына жаңа жылдық тәттілер демеушілік есебінен алынып, оқушыларға таратылсын.

3. Жаңа жыл кезінде оқушылардың қауіпсіздігі класс жетекшілер тарапынан бақылансын.

Кеңес төрайымы :  Г.Джамангарина

Хатшы:  Э.Қойлыбаева

Кеңес мүшелері:  К.Кенжеғалиева  
 Ж.Жанетолла  
 Р.Байлиева  
 М.Исламғалиева  
 С.Жолдыбай  
 Г.Досова  
 А.Тайшыбаев  
 А.Халидолла  
 Н.Ажбаганбетова  
 Н.Хасенова  
 А.Тоқсанбаева  
 З.Карашулакова  
 К.Длимбетова  
 А.Қаражігітова  
 Э.Азырова  
 А.Ещанов